



Талдықорған

Ғылым болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru



№49 (1839) Жұма, 6-желтоқсан 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті

ЖАҒАНДЫҚ БАСТАМА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ONE WATER САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясының астанасында өтіп жатқан One Water саммитінің ашылу салтанатында сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы аталған іс-шараны ұйымдастыруға қолдау көрсеткені үшін Францияға, Сауд Арабиясына және Дүниежүзілік банк тобына ризашылығын білдірді. Сондай-ақ жыныды Рияд қаласында бірлесіп өткізген Қос киенің сақшысы, Сауд Арабиясының Королі Салман бен Абделазизге және Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл Саудқа алғыс айтты.

Қазақстан Президенті су қауіпсіздігі орнықты дамудың, экономикалық өрлеудің және қоршаған ортаны қорғаудың негізі болып саналатынын атап өтті.

– Әлемде 2 миллиардтан астам адам сапалы ауыз суға жарымай отыр, ал 4 миллиардтан астам халық су тапшылығына ұшырады. Адамзаттың орнықты келешегін қамтамасыз ету үшін әлем елдері қазіргі сын-қатерлерге қарсы ортақ үн қатуы қажет. Орайлы сәтті пайдалана отырып, су тапшылығымен бетпе-бет келген елдер мен өңірлердің барлығына көмек көрсету жоспарын жариялағаны үшін Жоғары Мәртебелі Корольге шынайы ризашылығымды білдіремін. Жер аумағы көлемді және теңізге шығатын жолы жоқ ел ретінде Қазақстан судың қадірін анық сезінеді. Су таусылмайтын ресурс емес. Мұны өз басымыздан өткерген жағдайдан білеміз. Судың да сұрауы бар. Оны үнемдеп пайдалану керек. Сонда ғана адамзат

өркендеу жолына түседі, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған шараларды бірлесіп қабылдауға шақырды.

– Барша адамзат, әсіресе шалғайда тіршілік етіп жатқан тұрғындар мен халықтардың осал тобы санитарлық талаптарға сай келетін таза ауызсуға қол жеткізуге тиіс. Бұл – олардың құқы. Климат пен су инфрақұрылымына арналған мақсатты инвестициялар су көзімен қамтамасыз етіп, орнықты өсімге септігін тигізеді. Осы арқылы тұтас өңірлер өркендейді. Қазақстанның таза ауызсуға жаппай қол жеткізуді көздейтін Freshwater Challenge жаһандық бастамасына қосылуы еліміздің осы мақсатқа жетуге бейіл екенін растайды, – деді Президент.

Тұрмыстық ластанудан қорғау ісінде технологиялық инновациялар мен реттеу тетіктерін қолдану қажет. Судан таршылық көрмеудің маңызды аспектілерінің бірі – су қоймаларының әлеуетін арттыру, мұздықтарды сақтау, суарудың инновациялық жүйесін енгізу.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұздықтарды қорғау мен зерттеуге арналған жаһандық орталықтарды біріктіретін серіктестік құруды ұсынды.

– Мұздықтар су алмасу циклінде айрықша рөл атқарады. Олар дүниежүзіндегі 2 миллиардқа жуық адамды сумен қамтамасыз ететін өзен-көлдерді қоректендіреді. Сондықтан мұздықтардың еруіне жол бермей,

тіршілік нәріне мұқтаж өңірлердегі су ресурстарын басқару стратегиясын қолдау үшін бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бірыңғай су саясатын әзірлеген жөн, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев суға байланысты туындайтын табиғат апаттарының алдын алу су қауіпсіздігінің маңызды бөлігі саналатынына назар аударды. Жыл сайын су тасқыны мен қуаңшылықтан әлемде 1,5 миллиардтан астам адам зардап шегеді. Әсіресе, бұл шағын аралдар мен жағалауда тұратын халықтың әлсіз топтарына қатты әсер етеді. Президент азаматтарды қорғау және қауіп-қатерді азайту мақсатында ерте сақтандыру жүйесін жетілдіру өте өзекті деп санайды.

Мемлекет басшысы су тапшылығы азық-түлік және энергетика қауіпсіздігіне, өнеркәсіп өсіміне қауіп төндіретінін айтты. Оның пікірінше, ауыл шаруашылығындағы су үнемдеуге және энергияның жаңартылатын көздерін дамытуға салған стратегиялық инвестициялар экономика тұрақтылығын арттырып қана қоймай, қоршаған ортаға қысымды төмендетеді.

– Суда шекара болмайды. Ол қоғамдастықтар мен экожүйелерді байланыстырады. Қазақстан Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде аймақтық ынтымақтастық пен бірлескен іс-қимылдың ілгерілеуіне қолдау көрсетеді. Біздің ойымызша, климаттың өзгеруімен күрестің алдыңғы шебінде жүрген мемлекеттердің диалогты жандандырып, халықаралық ықпалдастықты дамытуы

және суға қатысты жобаларды жүзеге асыру үшін ресурстарын жұмылдыруы өте өзекті. Осы мақсатқа сәйкес, Қазақстан бүгін жаһандық су дағдарысын шешуге мүдделі тараптарды біріктіретін және су ресурстарын басқару ісінде жаңашылдықты жақтайтын One Water Vision коалициясына ерекше ықыласпен қосылды. Еліміз 2026 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен Өңірлік климат конференциясын өткізеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы 2030 жылға дейінгі орнықты даму саласындағы жаһандық басымдықтардың бірі су ресурстары екенін еске салды.

– Су қауіпсіздігі – жай ғана техникалық немесе экологиялық мәселе емес, бұл моральдық императив. Су қауіпсіздігі проблемасын шешу One Water қағидаты аясындағы көпжақты диалогты дамытуды талап етеді. Қазақстан су ресурстарын жаһандық ауқымда басқару ісін нығайтуды көздейтін осы ұжымдық әрекетке өз үлесін қосуға дайын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Саммитте Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл Сауд, Франция Президенті Эмманюэль Макрон, Дүниежүзілік банк тобының президенті Аджай Банга, Су ресурстары экономикасы жөніндегі жаһандық комиссияның тең төрағасы (GCEW) Йохан Рокстрем, сондай-ақ басқа да елдердің басшылары, халықаралық ұйымдардың, қауымдастықтар мен компаниялардың жетекшілері сөз сөйледі.

akorda.kz

БАСПАСӨЗ – 2025

РЕДАКЦИЯДАН: 1 ЖЫЛҒА – 3500 ТГ.

Тел.: 40-11-02, 8 705 870 70 76.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат 4006 бөлме.



ПОШТАДАН:

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ҚАЛА)	ЖЕКЕ ТҰЛҒА (ҚАЛА)
1 жыл – 7638,56 тг.	1 жыл – 4066,40 тг.
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (АУЫЛ)	ЖЕКЕ ТҰЛҒА (АУЫЛ)
1 жыл – 4566,40 тг.	1 жыл – 4066,40 тг.
ИНДЕКС 15771	ИНДЕКС 65771

ЕЛ ҚАМЫ

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫРҒЫЗСТАН
ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕСІ

Қазақстан Премьер-Министрі Олжас Бектенов пен Қырғызстан Министрлер кабинетінің Төрағасы – Президент Әкімшілігінің басшысы Ақылбек Жапаров Бішкек қаласында өткен қазақ-қырғыз Үкіметаралық кеңесінің 12-ші отырысын өткізді.

Екі мемлекет басшылары деңгейінде қол жеткізілген уағдаластықтар шеңберінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мәселелері қаралды. Көлік-логистика, өнеркәсіп, су ресурстары, энергетика және басқа да салалардағы өзара байланыстарды одан әрі тереңдету мәселелері кеңінен талқыланды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғыз Республикасымен серіктестікті нығайтуға зор көңіл бөледі. Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы одақтастық қатынастарды тереңдету және кеңейту туралы шартқа қол қою нәтижесінде елдеріміздің өзара ықпалдастығы сапалы жаңа деңгейге көтерілді. Біз достыққа, бауырластыққа және тату көршілікке негізделген қарым-қатынасымызды жоғары бағалаймыз. Қазақстан Үкіметі қазақ-қырғыз ынтымақтастығын одан әрі дамыту үшін бар күш-жігерін салады», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Кеңес қорытындысы бойынша бірқатар құжатқа, олардың арасында Үкіметаралық кеңестің 12-ші отырысының қорытынды хаттамасы, Ауыл шаруашылығы өнімдерін өзара жеткізуді ұлғайту жөніндегі жол картасы, сондай-ақ Туризмді дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұдан басқа, Ыстықкөл облысының аумағында орналасқан курорттық-рекреациялық шаруашылық нысандарына Қазақстанның меншік құқығын реттеу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

primeminister.kz

ЧЕМПИОНДАР ДАЙЫНДАЙТЫН
СПОРТ МЕКТЕБІ

Жетісу облысында «Мүгедектерге арналған облыстық арнайы спорт мектебі» 2011 жылдан бері жұмыс істеп келеді.

Мұнда бүгінде 322 спортшы спорттың 24 түрінен, соның ішінде параолимпиядалық, параолимпиядалық емес және сурдолимпиядалық түрлерінен жаттығады және олардың 78-і облыс әкімінің стипендиясын иеленген.

Спорт нысанында тірек-қимыл аппараты зақымданған азаматтармен қатар көру қабілеті бұзылған жандар да шынығады.

Мектеп тәрбиеленушілерінің арасында Параолимпиада чемпионы, Әлем кубогінің, Азия чемпионатының жеңімпаздары да шыққан.



БҰРХАНБҰЛАҚ САРҚЫРАМАСЫНА ЖОЛ САЛЫНАДЫ

Жетісу облысының ең негізгі табиғи әрі туристік көрнекті жерлерінің бірі – Бұрханбұлақ сарқырамасына апаратын жолдың құрылысы келесі жылы басталады. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаев Ескелді ауданының тұрғындарымен кездесу-де мәлімдеді.

«Ескелді ауданы – туристік әлеуеті жоғары өңірлердің бірі. Осы жылдың 10 айында туристерді қабылдайтын нысандарда 41 мың адамға қызмет көрсетіліп, соның ішінде ақылы қызмет көрсету көлемі 25 млн. теңгеге жетті. Осы ретте Бұрханбұлақ сарқырамасына апаратын жолдың құрылысына зор көңіл бөледі. Бұл мақсатқа 2025 жылы республикалық бюджеттен 3 млрд. теңге қаражат бөлінеді. Сондықтан туризмді дамыту үшін инфрақұрылымды жақсартып, жаңа қонақ үйлер, демалыс базаларын салып, жолдарды жөндеу қажет. Интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілер арқылы көрікті жерлерді кеңінен насихаттап, экотуризм мен агротуризм бағыттарын дамыту керек», – деп атап өтті өңір басшысы Б. Исабаев.

Еске салсақ, Жетісудың туризм саласы 5 дестинацияның әлеуетін тірек етеді. Олар – Алакөл мен Балқаш көлдері, «Алтынемел» және «Жоңғар Алатауы» ұлттық парктері, Жоңғар Алатауының таулы алабы.

ЖАҢА НЫСАНДАР – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ

Қаратал ауданында 150 орынды блок-модульдік мәдениет үйі мен дене шынықтыру-сауықтыру кешені іске қосылды. Жаңа нысандар Ескелді би ауылында есігін айқара ашты. Аталған ауылда 3200 адам тұрады. Елді мекенде 30 жылдан астам уақыт бойы мұндай нысандар болмаған.

Бір-біріне жақын орналасқан жаңа мәдениет үйі мен дене шынықтыру-сауықтыру кешені заманауи талаптарға сай, оларда мәдени, спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға және бос уақытты тиімді ұйымдастыруға қажет-

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ЖАҚСARTU –
АЛДЫМЫЗДА ТҰРҒАН НЕГІЗГІ МІНДЕТТІҢ БІРІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында: «Экологиялық ахуалды жақсарту – алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі. Біз қоғамда қоршаған ортаны қорғаудың мән-маңызын кеңінен дәріптеуіміз керек», – деп атап көрсетті.

Осылайша қоғамда қоршаған ортаны дәріптеу, халықты экологиялық факторлардың жағымсыз әсерінен сақтау мәселесіне мән берілуде. Бұл ретте «Таза Қазақстан» экоквациясы еліміз бойынша қолға алынды.

Баршаңызға мәлім, елімізде көктемнен бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы жүріп жатыр. Бұл – тұтас халықты ұйыстырған берекелі ба-стама.

«Таза Қазақстан» шарасына бірнеше айдың ішінде миллиондаған азамат атсалысты. Осындай игі шаралардың арқасында қоғамда жаңа мәдениет, жаңа қоғамдық этика орнығып келеді – деп ойлаймын. Мұны туған елге деген сүйіспеншілік, жанашырлық



деуге болады. Ұлттың жаңа сапасы осындай нақты шаралар арқылы қалыптасады. Бұл – уақытша науқан емес. Осы маңызды жоба жыл бойы жалғаса беруге тиіс.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында қаламызда қарашаның соңына дейін сенбіліктер өткізіліп, қаншама тонналап қоқыс шығарылды. Табиғатты қорғау, экологияға жанашырлық таныту – игі іс. Айналаны таза ұстау арқылы денсаулығымызға да кепіл боламыз. Таза ауамен демалып, кешке өсем жерлермен қыдыру, Қаратал жағасын абаттандыру жаңа жайлылық сыйлайды. Өсем қаламыздың көрікті де көркем, тартымды да таза болмағы азаматтардың сана мәдениетіне тікелей байланысты. Сондықтан да, отырған жерімізді ластанбай, қоқыс тастамай, оны арнайы жәшіктерге салуды дағдыға айналдырайық. Жас өскендерге бұл елден бойларына сіңірген жөн. Бала айтқанды емес, көргенді ойына түйеді. Ал кейбір санасыз азаматтар табиғатты да, көшені де ластан кетеді. Осындай адамдардың әрекетіне заңмен тосқауыл қою керек.

Ал көгалдандыру жұмысы тоқтап қалмай, оны жалғастыру қажет.

Мұстафа Хұсайын Дәуітулы,
«QAZAQSTAN CHERNOBYL ARDAGERLERI»
қауымдастығының Орталық кеңес төрағасы

ҚОҒАМДА ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
ИДЕОЛОГИЯСЫН ТЕРЕҢ ОРНЫҚТЫРУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ағымдағы жылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауының бір тармағында цифрлық технологиялардың күнделікті өмірімізге жаппай енуі түрлі алаяқтардың көбеюіне әкеп соқтыруға екендігін, сондықтан, қазір қаржы және экономика негіздерін білу, қарапайым цифрлық дағдыларды меңгеру аса маңызды болып табылатынын баса атап өткен болатын.

Баршаға мәлім, соңғы жылдары елімізде алаяқтық оқиғалары тым жиілеп кетті. Басым көпшілігі қаржылық қызметті қамтиды. Қарапайым тұрғындар қапыда өздерінің қатысуынсыз онлайн несие рәсімдеу,

есепшоттан ақша аудару сынды операциялардың құрбанына айналуға. Президент сөзінде «Мектептерде, жоғары оқу орындарында қаржылық және цифрлық сауаттылық негіздерін үйрететін білім бағдарламасын енгізу қажет. Мұның бәрі азаматтарымыздың өртүрлі алаяқтардың құрығына түсіп қалмауына мүмкіндік береді. Қазір «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» заң жобасы әзірленіп жатыр. Осы заңның талаптарын орындау үшін қоғам мен мемлекеттік аппарат күш жұмылдыруы керек. Сонда ғана жағдайды түзетіп, заң үстемдігін және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз» – деді. Сақтықта қорлық жоқ. Қарапайым қауіпсіздік шараларына сақтанған, қаржылық сауаттылық деңгейін арттырған абзал. Дербес деректерді, карталардың мәліметтерін, құпия сөздерді ешкімге хабарламауға, күмәнді жағдайда ақша аударымдарын жүзеге асырмауға, ұялы телефонға белгісіз қосымшаларды орнатпауға мейлінше тырысқан жөн.

Мақсат ЕСБАТЫРОВ,
«Талдықорған қалалық Ауған соғысы
ардагерлері ұйымы» ҚҚ төрағасы

ОБЛЫС ТЫНЫСЫ

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
ДАМУДА

Биылғы жылдың 10 айында Ескелді ауданының ауыл шаруашылығындағы өсімі 110,6%-ды құрады. Агроөнеркәсіп кешіне 1,3 млрд. теңге инвестиция тартылды. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Ескелді ауданының тұрғындарымен кездесуі барысында айтылды. Биыл Ескелді ауданында 4 әлеуметтік нысан жөнделіп, 12 жаңа нысан іске қосылды. Аудан 2025 жылдың соңына дейін толық газдандырылады. Шағын және орта бизнес саласында 7 мың адам жұмыс жасайды. Мал басы өсіп, саны 13 пайызға артқан.

ратын 31 км автожолды жөндеу жұмыстары келесі жылы басталатынын атап өту керек. Бұл мақсатқа 2025 жылы республикалық бюджеттен 3 млрд. теңге қаражат бөлінеді. Сондықтан туризмді дамыту үшін инфрақұрылымды жақсартып, жаңа қонақ үйлер, демалыс базаларын салып, жолдарды жөндеу қажет. Интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілер арқылы көрікті жерлерді кеңінен насихаттап, экотуризм мен агротуризм бағыттарын дамыту керек», – деп атап өтті өңір басшысы Б. Исабаев.

Еске салсақ, Жетісудың туризм саласы 5 дестинацияның әлеуетін тірек етеді. Олар – Алакөл мен Балқаш көлдері, «Алтынемел» және «Жоңғар Алатауы» ұлттық парктері, Жоңғар Алатауының таулы алабы.

ті жағдайлар жасалған. Қос нысанның құрылысы осы жылдың мамыр айының соңында басталған болатын.

Жалпы ауданы 800 шаршы метр болатын екі қабатты дене шынықтыру-сауықтыру кешені ғимаратында ойын залдары, бокс пен күрес және тренажерға арналған зал бар. Онда күрес, волейбол, баскетбол, шахмат және тоғызқұмалақ секциялары жұмыс істейді.

Ал жаңа мәдениет үйі 150 орынға лайықталған. Онда акт залы, оқу залы бар кітапхана орналасқан. Вокал, домбыра, қобыз, би үйірмелерін ашу жоспарланған.

Екі жаңа нысанның іске қосылуының арқасында ауылда 30 тұрақты жұмыс орны ашылды.

ӨҢІРДЕ 193 ШАҚЫРЫМ
ЖОЛ ЖӨНДЕЛУДЕ

Биыл Жетісуда облыстық деңгейдегі 193 шақырым жол мен 54 елді мекеннің ішкі жолдары жөнделіп бітегі. Сол қатарға аудан орталығы мен ауылдардың арасын қосатын жолдар, ауылдардың кірме жолдары, көпірлер, ауылшілік жолдар бар. Осылайша 2024 жылдың соңына қарай жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті автомобиль жолдарының үлесі 94% жеткізіледі.



Мәселен, Қаратал ауданында отыз жылдан астам уақыт жөндеу көрмеген шалғайдағы Көпбірлік ауылына апаратын жол жөнделіп, жуырда пайдалануға берілсе, осы аудандағы тағы бір маңызды жол – «Үштөбе – Ортатөбе – Кішітөбе» бағытындағы автотрассаның құрылысы бітуде таяу.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Қаратал ауданының халқымен кездесуінде көтерілген аталған жолдардың мәселесіне орай бюджеттен қаржы қарастырылып, жөндеу жұмыстары осы жылдың сәуір айында басталған болатын. Бүгінде құрылыс жұмыстары 95 пайызға аяқталған.

Жалпы 2024 жылы Жетісу облысында жолдарды салуға және жөндеуге 40,6 млрд. теңге бөлінді, облыстық маңызы бар жолдардың 38 шақырымына құрылыс пен қайта жаңғырту, 155,4 км - орташа жөндеу, 60,6 мың ш.м. ағымдағы жөндеу және 54 елді мекенде 157 км кентішілік жолдарды салу мен реконструкциялау жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Сол сияқты Балқаш көліне дейінгі 132 км жол келесі жылғы туристік маусымға дейін толық пайдалануға беріледі.

Бұдан бөлек облыс аумағында республикалық маңызы бар автожолдарды қайта жаңғыртуға бағытталған ірі жобалар іске асырылды. «Үшарал-Достық», «Талдықорған – Үшарал» автожолдарын қайта жаңарту аяқталуға жақын. Оған қоса «Сарыөзек – Көктал» және «Айдарлы-Көктал» автожолдарының учаскелерінде жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

РАБОЧИЕ ПОЕЗДКИ ОЛЖАС САПАРБЕКОВ ВСТРЕТИЛСЯ С ЖЕТЫСУСЦАМИ

На этой неделе вице-министр промышленности и строительства РК Олжас Сапарбеков встретился с населением области Жетісу. Основная встреча прошла в стенах Тіл сарайы.

Во время приветственного слова вице-министр отметил, что курирует сферу обрабатывающей промышленности, и рассказал о развитии промышленного производства, строительства и реализации индустриальных проектов в области Жетісу.

Далее в ходе сессии «вопросов-ответов» предприниматели и бизнесмены региона задали Олжасу Сапарбекову и его рабочей команде волнующие их вопросы. В частности, они касались платной дороги Талдықорған-Алматы, задержки на несколько месяцев выдачи субсидий, проблем в государственных закупках, отодвигающих в сторону местных отечественных товаропроизводителей, и недропользования, сертификации товаров и др.

Отвечая на вопросы, вице-министр отдельно остановился на цифровой платформе – реестре субъектов предпринимательства, утверждение правил ведения по которому состоялось во второй половине этого года. Определенные категории субъектов предпринимательства осуществляется в соответствии с критериями и их



пороговыми значениями, указанными в статье 24 Кодекса, а также Правилами расчета среднегодовой численности работников и среднегодового дохода субъектов предпринимательства, утверждаемыми уполномоченным органом по предпринимательству.

«Реестр включает полные сведения о казахстанских товаропроизводителях, в том числе производимые товары, виды деятельности, количество работников и объем производства. Субъекты, включенные в реестр, получают доступ к мерам государственного стимулирования, закупочным платформам, как государственным, так и к закупкам квазигоссектора и недропользователей. Полностью реестр заработает в следующем году, и мы надеемся, что в нее войдут реально действующие производители и многие проблемы, в

том числе и озвученные здесь, будут решены», – отметил Олжас Сапарбеков.

В целом, вице-министр заверил, что все вопросы взяты под контроль, а те, которые касаются других ведомств, будут проработаны совместно с ними. Он также предложил представителям бизнеса подключиться к проработке, подчеркнув, что конкретное решение зависит от качества подачи проблемы и информации в министерства, и здесь необходима слаженная работа уполномоченного органа и бизнес-сообщества.

В рамках рабочей поездки вице-министр РК также посетит предприятия ТОО «Кайнар АКБ» и ЧК «ASMA INDUSTRIAL» в целях ознакомления с их деятельностью.

Алмагуль ЖАНДОСҚЫЗЫ
Фото Дмитрия ЕРОФЕЕВА

НАГРАЖДЕНИЯ ПО ТРУДУ - ПОЧЕТНЫЕ НАГРАДЫ

Ряд лиц из области Жетісу, согласно Указу Президента Республики Казахстан №698 от 13 ноября 2024 года, вошли в список награжденных государственными наградами за значительный вклад в развитие сельскохозяйственной отрасли региона.

Так, орденом «Парасат» награжден руководитель крестьянского хозяйства «Самай» Еркимбек Слямов (город Талдықорған), орденами «Құрмет» – руководитель крестьянского хозяйства «Дәулет» Даулет Биадиллов (Аксуский район), учредитель и главный директор ТОО «Асыл тұяқ» Думан Нағашбекулы (Алакольский район), медалью «Ерен еңбегі үшін» – водитель-механик крестьянского хозяйства «Нұрқадам» Нурбол Сайдакулов (Кербулакский район).

И вот награды дошли до своих героев – на этой неделе аким области Жетісу Бейбит Исабаев в присутствии актива региона вручил их указанным гражданам.

В своем приветственном слове глава области отметил, что развитие любого государства напрямую связано с развитием сельскохозяйственной отрасли. Хорошо развивается сельское хозяйство и на земле Жетісу с ее благодатной почвой и благоприятным климатом. По итогам 10 месяцев объем сельскохозяйственной продукции достиг 362,4 млрд тенге с ростом на 105%. Отрядно, что 65% продукции, по словам акима, перерабатывается в городе Талдықорғане и области.

«Впервые в истории края мы соберем в этом году 640 тыс. тонн сахарной свеклы. В целом, с 510,1 тыс. га посевных площадей будет собрано 2,1 млн тонн урожая. Все это стало возможным благодаря государственной поддержке в виде субсидирования, в частности, в этом году на поддержку агросубъектов из бюд-



жета выделено 35 млрд тенге. А также благодаря применению аграриями современных агротехнологий и рациональному севообороту. За всеми отмеченными достижениями стоит кропотливый и неустанный труд всех работников отрасли сельского хозяйства, в том числе и ваш», – подчеркнул Бейбит Исабаев, поздравив гостей с заслуженными наградами.

Один из награжденных – Еркимбек Слямов – почти 30 лет возглавляет крестьянское хозяйство «Самай», созданное в 1994 году его отцом, заслуженным агрономом Казахской ССР Батырханом Слямовым, рано ушедшим из жизни. Хозяйство, расположенное в селе Отенай города Талдықор-

гана, занимается как растениеводством, так и животноводством. Выращивает сахарную свеклу, кукурузу, сою, пшеницу, ячмень, а также разводит крупный рогатый скот и лошадей. В хозяйстве имеется почти 50 единиц спецтехники.

«В этом году все культуры дали отличный урожай: озимая пшеница – 65 ц/га, ячмень с багары – 24 ц/га, кукуруза – 100 ц/га, сахарная свекла – 550 ц/га. Земля у нас каменистая, но мы приобрели спецтехнику, очищаем землю от камней и создаем условия для выращивания сахарной свеклы. Кроме этого, на протяжении 13 лет выращиваем скот, среди них коров казахской белоголовой породы. В общем отрасль сельского хозяйства субсидируется, ежегодно обновляется техника, поэтому грех жаловаться, просто надо работать, засучив рукава», – сказал в своем ответном слове Еркимбек Слямов.

Отметим, крестьянское хозяйство «Дәулет» является одним из крупнейших по Аксускому району хозяйств, занимающихся выращиванием сахарной свеклы. А вот ТОО «Асыл тұяқ» вносит свой существенный вклад в развитие мясного животноводства с дальнейшим повышением экспортного потенциала, занимаясь разведением племенного крупного рогатого скота и овец, выведением новых пород.

Напомним, 15 ноября на I форуме работников сельского хозяйства, прошедшем впервые в Астане, Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев награждал орденом «Құрмет» главу крестьянского хозяйства «Айгерим» Панфиловского района Улана Сарпекова.

Алма УРАЗАЕВА
Фото Жениса ЫСКАБАЯ

ОБРАЗОВАНИЕ РОБОТОТЕХНИКА – ПРИЗОВЫЕ МЕСТА НА МИРОВОМ ЧЕМПИОНАТЕ

Ученики Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдықорғана завоевали III место и специальную номинацию на мировом чемпионате по робототехнике «World Robot Olympiad – 2024» в Турции.



Казахстанские школьники одержали победу сразу в двух категориях среди 3500 участников из 90 стран мира. Сборную страны представили 13 команд. Все они победители и призеры казахстанских и международных соревнований по робототехнике.

Инкар Курманбаева и Айым Бауыржанқызы, ученицы 11–12 классов Талдықорғанского NIS, выступили в категории «Future Innovators Senior». Они спроектировали автономного робота по восстановлению лесов. За один цикл робот способен высадить 60 семян и благодаря гусеничному шасси может работать на любых почвах и перемещаться по сложному рельефу.

«Данный проект – полноразмерный, готовый робот. В автоматическом режиме высаживает семена деревьев любых пород с закрытой корневой системой. Управление роботом происходит автономно, на основе искусственного интеллекта, который позволяет объезжать препятствия, такие как камни, деревья, овраги. Стоит отметить, что данный проект направлен не только на посадку деревьев и дачу прогноза, как будет расти лес, но и на очистку окружающей среды от мусора. При обнаружении мусора робот автоматически с помощью манипулятора собирает его и складывает в контейнер объемом 20 кг», – отметили разработчицы.

Специальную номинацию «Technical solution award» жюри присудило еще одной команде NIS Талдықорған – Сержану Кадылбек и Акниет Молдакеримову.

В категории «Future Innovators Junior» ребята показали также высший пилотаж. Интеллектуалы соорудили спасательную роботизированную лодку. Проект представляет собой прототип лодки катамарана, которая с помощью искусственного интеллекта автоматически может находить людей, оставшихся в беде, и с помощью раздвигающихся лестниц вытаскивать их из воды или доставать с крыши. На борту лодки есть аптечка и другие средства первой помощи.

«Этой весной Казахстан столкнулся с небывальными паводками, многие населенные пункты оказались полностью затоплены, и, к сожалению, не обошлось без человеческих жертв. Мы задалась вопросом, как можно предотвратить жертвы, и родилась идея создать робота спасателя. Робот автономно может патрулировать затопленные населенные пункты и спасать людей», – рассказали авторы чуда проекта.

По итогам мирового чемпионата по робототехнике «World Robot Olympiad – 2024» в Турции ребята отметили, что поездка в Измир стала по-настоящему исторической.

Сборке своих роботов казахстанские школьники посвятили месяцы работы, проводя много времени в лабораториях своих школ. Юные изобретатели сами моделировали детали роботов, затем воплощали свои проекты на 3D-принтере и лазерных станках, которыми оснащены мастерские в школах.

«Благодаря робототехнике мы имеем возможность познавать мир, путешествовать и знакомиться с продвинутыми сверстниками из других стран. Эта поездка придала нам уверенность в своих силах – мы боролись за честь страны с сильнейшими командами мира. Это было для нас волнительно. Было приятно получать слова благодарности от организаторов и тренеров других команд. Также хотим поблагодарить своих тренеров за их терпение и вклад в наше будущее», – поделился школьник Сержан Кадылбек.

Отметим, что АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» является национальным организатором международной олимпиады по робототехнике «World Robot Olympiad» в Казахстане с 2014 года. За 10 лет NIS внес значительный вклад в развитие робототехники в стране и достижения отечественных команд на международном уровне.

Диана КАНАПЬЯНОВА,
Измир, Турция

ҚР МӘСЛИХАТТАРЫНА – 30 ЖЫЛ МӘСЛИХАТ ИНСТИТУТЫНЫҢ РӨЛІ

Жетісу өлкесінде «Тәуелсіз Қазақстан тарихында мәслихат институтының рөлі» атты конференция өтіп, бір жылға жалғасқан мерейтой қорытындыланды. «Атадан мал қалғанша тал қалсын» – дегемші 30 жылдық 30 түп ағаш егумен басталды.

Одан әрі салтанатты жиында 30 жылдық тарихымызға тереңінен үңіліп, 1994 жылдан бері облыс аумағында халық мүддесі үшін еңбек еткен ардагер депутаттарымыздың іргелі істерін де еске алды. Мәслихаттар құрылған 1994 жылдан бері қарай Жетісу жеріндегі әр шақырылым жайында ақпарат беретін деректі фильм көрсетіліп, өткен мен бүгінді жалғайтын «Жетісу облыстық мәслихатының» арнайы кітабының тұсауы кесілді. Конференцияға облыс әкімінің міндетін атқарушы, облыс әкімінің орынбасары, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары, өзге облыстардың мәслихат төрағалары, облыстық департамент басшылары, сонымен қатар облыс бойынша халық игілігіне қызмет еткен ардагер депутаттар, аудандық, қалалық мәслихат төрағалары, аппарат басшылары қатысты.

Ең алдымен, облыс әкімінің құттықтауын жеткізе келген Әлібек Әскербекұлы жылы лебізін білдіріп, артынша ел мүддесі жолында атқарған ерен еңбектері үшін ардагер депутаттар мен мәслихат депутаттарын министрліктің медальдарымен және Жетісу облысының Құрмет грамотасымен марапаттады. ҚР Парламенті Сенатынан келген депутаттар да игі ниеттері мен ізгі тілектерін білдіріп, белсенді депутаттарды ҚР Парламенті Сенатының төрағасы М. Әшімбаевтың Құрмет грамотасы, Алғыс хаттарымен марапаттады. Түрлі салада іргелі істер атқарып жүрген облыстық мәслихат депутаттары ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың да Құрмет грамоталары және Алғыс хаттарына ие болды. Жиында ардагер депутаттар да мазмұнды ойларымен бөлісіп, халық қалаулыларына жүктелген жауапкершілік жоғары екенін жеткізді.

Жетісу облысы мәслихатының баспасөз қызметі

ТАРИХИ КЕЗЕҢ

Халық пен билік арасындағы алтын көпір саналатын Қазақстан Республикасы мәслихаттарына биыл 30 жыл толып отыр. Айтулы мерекеге орай Талдықорған қалалық мәслихатының ұйымдастыруымен салтанатты жиын өтті.



«Талдықорған қалалық мәслихаты халық игілігіне еңбек етіп, жергілікті өкілетті органға айналды. «Құрметті халық қалаулылары! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған жолдауында халықты қолдау және оның мүдделерін қорғау біздің басты міндетіміз, - деп атап өткен болатын. Осы мақсатта сіздер 30 жыл ішінде халықтың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған көптеген бастамалар көтеріп, тұрғындардың сауалдары мен мәселелерін әкімдікпен бірлесіп шешуге атсалыстыңыздар. Біздің мақсатымыз бір – ол халыққа аянбай қызмет ету. Әлі де сіздер мен біздер болып жүзеге асыратын ірі жобаларымыз көп. Халқымыздың әл-ауқатын жақсарту жолында бірлесе жұмыс атқара береміз деген сенімдеміз», - деген қала әкімі Ернат Бәзіл, депутаттарды ҚР мәслихаттарының 30 жылдығымен құттықтап, зор денсаулық, істеріне табыс тілеп, алғысын білдірді. Шара барысында бірқатар халық қалаулыларына республикалық, облыстық деңгейдегі марапаттар тапсырылды. Қатысушылар тарихи кезеңдерді еске алып, ойларын айтты. Талдықорған қаласында ел сенімін ақтап, адал қызметімен танылған әр кезеңдегі депутаттардың игі істері туралы айтқан Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы Темірболат Ахажан халық қалаулыларына еліміздің даму жолында қосқан үлестері үшін алғысын білдіріп, барлық шақырылым депутаттарына, қоғам ісіне белсене қатысып жүрген сала өкілдеріне естелік медальдар табыстады.

Өз тілшіміз

ТАҒЗЫМ



АРДА АЗАМАТТЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Болат Тәкеновтің есімі өңір халқына кеңінен мәлім. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті мен Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Еңбекке жоғары қабілеттілік пен ісіне адалдық» атты шара Болат Тәкеновтың өнегелі жолына арналды. Кездесуге Болат Долдаұлымен қызмет атқарған әріптестері, Қазақстан Республикасының Сенат депутаты, мемлекеттік қызметтің ардагерлері, Жетісу облысы әкімінің орынбасары М.Көлбаев, шәкірттері, құрылыс саласында еңбек етіп жүрген мемлекеттік қызметшілер және ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

Бұл шара Болат Долдаұлының мемлекеттік қызмет, құрылыс саласындағы тынымды істерін бүгінгі жас буынға өнеге етуді мақсат етіпті. Шараға қатысушылар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырып, еселі еңбегімен елге қызмет еткен азаматтардың бірегейі – Болат Тәкеновтың өмір жолы, кәсіби қызметі туралы өз естеліктерімен бөлісті.

Амандық БАТАЛОВ, үзеңгілес досы:

– Мен Болат Долдаұлымен 21 жыл уық тіресе қызмет жасадым. Ол кәсіби маман, білікті құрылысшы, адамгершілігі мол, мемлекеттік қызметке адал, қарапайым азамат ретінде есімде. Облыстың өркендеуіне үлес қостық. Тәжірибесі мол маман ретінде әрқашан өзін көрсете білді.

Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ, облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы:

– Болат Долдаұлының жарқын істеріне кәуіп болдық. Осы облыстың өркендеуіне мемлекеттік қызметші ретінде зор үлес қосты. Оның адал еңбегі осы жерде отырған ауыл әкімдеріне, жастарға үлгі-өнеге. Екі рет облыс әкімінің орынбасары, еліміздің Парламент Сенаты мен Мәжіліс депутаты ретінде абыройлы қызмет атқарды. Құрышқолды құрылысшы ретінде қатысқан облыс бойынша салынған ғимараттар мен нысандар қаншама?! Өзі ісіне адал азаматтың өнегелі жолы әрдайым ұлықталуы керек.

Айтар болсақ, Болат Долдаұлы «Алматы облысының Құрметті азаматы», өз ғұмырында мемлекеттік қызмет пен құрылыс саласында абыройлы қызмет атқара білді. Қызылағаш пен Арыстағы апат кезінде күндіз-түні тыным таппай құрылыс жұмыстарының басы-қасында жүрді. Семей қаласында және Түркістанда облыс қолдауымен салынған саябақтардың тұрғызылуына, Қорғастағы құрылыс жұмыстарында қолтаңбасы бар. Жауапкершілік пен адалдықты бойына сіңірген арда азаматтың жарқын істері туралы көптеген естеліктер айтылды. Сонымен қатар оның өмір жолына арналған бейнеролик көрсетілді. Ел үшін туған ердің артында жары Райхан Маратқызы мен балаларына осындай кешті ұйымдастыруға атсалысқандары үшін жиналғандар рақмет айтты. Ал жары Райхан Маратқызы оның жастарға өте жақын болғандығын, қамқор аға ретінде қолдау білдіретіндігін айтты.

Шара соңында ауылдық округ әкімдерінің арасында өз ауылын дамытуға бағытталған «Үздік жоба» сайысының жеңімпаздары марапатталды. Марапатталғандар арасында Еркін ауылдық округінің әкімі Қанат Рыспеков бар.

Данагүл МӘКЕН

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ

ҚР Президентінің ағымдағы жылғы 21 қазандағы №679 Жарлығы бойынша көпбалалы аналарға «Алтын» және «Күміс алқа» табыстау салтанаты өтті.

Салтанатты шараға қатысқан қала әкімі Ернат Дүйсенбекұлы «Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары халқымыздың әлауқаты жақсарып, әр өңірде баланың туу көрсеткіші артқандығы байқалады. Бұл ең алдымен Сіздердей алтын құрсақты аналардың арқасы деп білемін. Халық даналығында «Ана бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген ұлы сөз бар. Бұндай теңеу бекер емес. Бұған дәлел, баланы өмірге әкеліп қана қоймай, оған тәлім-тәрбие, сапалы білім беру, үлкен өмірге аттандырып, жеке тұлға болып қалыптасуына бағдар беретін жан, ол, әрине ана! Дана халқымыз қашанда анасын ардақтап, аруларын сыйлай білген. Бұл – ежелден қанымызға сіңген асыл қасиет. Бүгінгі құрмет - қошеметтің барлығы өздеріңізге арналады», - деп қуаныш иелерін марапаттап, ізгі тілегін білдірді. Бүгінде Талдықорғанда 200 мыңнан аса халық тұрса, оның 6 мыңнан астамы көпбалалы аналар. Айта кетейік, отбасының ұйытқысы, тағылымды тәрбие, ізгі дәстүрлер сабақтастығын жалғап жүрген жандар жыл сайын Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес алты баланы дүниеге әкелгендер күміс, ал жеті және одан да көп баласы бар аналар «Алтын алқа» медалімен наградталады. Осындай мерейлі мәртебеге ие болған жанның бірі - 7 баланы өмірге әкелген Баян Танқаева. Марапат иегері «5 ұл, 2 қызым бар. Әрқашан қолдау көрсетіп, елеп-ескеріп отырған,



зор мүмкіндіктер сыйлаған мемлекетімізге деген алғысым шексіз. Демографияның өсуіне оң ықпалын тигізіп жүрген аналарға деген сый-құрмет ешқашан ұмытылмақ емес. Бүгінде әр перзенттің өзіндік несібесі болады дегенді толығымен ұғынып жатқандаймыз. Өткен жылы мереке қарсаңында көпбалалы ана ретінде 3 бөлмелі пәтерге ие болып, қуанышымыз еселене түсті. Бұл – біз үшін үлкен мәртебе. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, аналық жүрегімізден ұрпағыма жарқын болашақ тілеймін»-деді.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ПАРТИЯ ТЫНЫСЫ

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

Қала әкімі Ернат Бәзіл «АМАНАТ» партия-бөлмесінде жеке қабылдауын өткізді.

Қабылдауға қаламыздың 10 тұрғыны келіп, өздерін толғандырып жүрген өзекті мәселелер жайлы айтып, етініш-тілектерін жеткізді.

Ә.КЕКІЛБАЕВҚА – 85 ЖЫЛ

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ӘУЛИЕ

Жазушылық - адамға Тәңірдің берген және кез келгеннің қолы жете бермейтін асыл сыйы. «Ұйқыдағы арудың оянуы», «Шыңырау», «Заманмен сұхбат» сынды туындылар құр керемет шығармалар емес, толық бір заманды суреттейтін теңдесіз тарихи тағлымы мол есиеттер жинағы екені бәрімізге мәлім. Ал осы шығармалардың авторы, Қазақстанның Халық жазушысы Әбіш Кекілбаев – қазақтың таңымал классигі, дара, гана тұлға! Халықтың мақтанышына айналған азаматтардың есімін жадымыздан шығармай – баршамыздың парызымыз. Ол - Қазақстанның еңбек ері атағына ие болған тұңғыш қаламгер.



еңбегі сіңді десек қателеспейміз. Бұл жағынан Әбіш атаны, оның асқан дарынын барша қазақ елі, тіпті шет мемлекеттер де мойындай білді. Халыққа деген ерен қызметін елі ешқашан елеусіз қалдырмады, қалдырмайды да деп есептеймін. Жүмекен Нәжімеденовтің Әбіш Кекілбаев туралы: «Ол – ақылдың, мол білімнің, терең сезімнің тұнбасы. Тұнба қашан да салмақты, қашан да баяу. Ол ақса ырғып ақпайды, ырғалып ағады, көпрудің орнына, тұңғықтана түседі. Алыстан орман қып көрсетіп, жетіп келсең, бес түп ши тұратын сағым мінез оның талантына жат. Онда жылтылдап көрінетін жез құбылмалылық жоқ. Ол көңілді арбайды, бірақ көзді алдамайды. Ал шынайы өнердің асыл мұраты – сол, кімді де болса алдамай ғой. Алдамаған жерде ақиқат та бар» – деген сөздері Әбіш Кекілбаев шығармаларының тек өмір шынайылығымен ұштасып жататындығының куәсі. Біз, ұрпақтары атаның осы қасиетін бойымызға жиып өссек, онда келешегіміз жарқын болатыны анық.

Әбіш ата Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде білім алған. Мен де атаның ізбасары боп осы университетке түсіп, білім алу арнамын.

Әмина ТЕМІРБЕК,
Н.Островский атындағы №8 орта мектептің
9-сынып оқушысы

І.ЖАНСҮГІРОВКЕ – 130 ЖЫЛ

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҚҰЛАГЕРІ

Жақында қалалық орталық балалар кітапханасында №2 орта мектептің 7 «Б» сынып оқушыларының, қалалық ардагерлердің, М.Мақатаев атындағы поэтикалық жас актерлер театр өртістердің қатысуымен қазақтың көрнекті ақыны, қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіровтің туғанына 130 жыл толуына орай «Қазақ поэзиясының сұлу сарайы» атты әдеби кеш өтті.



Шараның мақсаты - оқырмандар арасында Ілияс Жансүгіров шығармашылығын насихаттау, ақынның рухани мұрасына деген сүйіспеншілікті ояту.

ҚР Халық өртістері, Алматы облысының «Құрметті азаматтары», ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегерлері Кендебай Темірбайұлы мен Алмахан Нұрпейісқызының жетекшілігімен құрылған Талдықорған қаласының М.Мақатаев атындағы поэтикалық жас актерлер театры, жазушы Қ.Мұқашовтың «Дала дастаны» атты театрландырылған көріністі жыр Құлагерінің мерейтойына арнады.

№22 орта мектептің 10 «Ә» сынып оқушысы, жас актер Есбол Елемесұлы І.Жансүгіровке арнау оқыса, №15 орта мектептің 9-сынып оқушысы Айша Бақытова ақынның өлеңін, №28 ІТ мектептің 9-сынып оқушысы Әдемі Нұрмұхамед «Жолдастар» романынан үзінді оқып, №2 орта мектептің 7 «В» сыныптың оқушысы Төкен Әмір – «Ерке сұлқым» күйін, №22 орта мектептің 5 «Ә» сынып оқушысы Әния Қайырды қобызбен Абай Құнанбаевтың «Көзімнің қарасы» әнін тарту етті. Шара соңында кешке белсене қатысқан оқушылар Алғыс хаттармен марапатталды.

Құралай БАРИМБЕКОВА,
Талдықорған қалалық орталық балалар
кітапханасының кітапханашысы

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕЙІК!

«Еңбек ауылындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар №22 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Ата-баба дәстүрі - ұрпаққа аманат» бағдарламасы бойынша «Отбасы құндылығы - отбасы жылуы» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.



«Әділдік және жауапкершілік» айлығы аясында «Даналық мектебі» жоспарына сәйкес тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты - отбасы құндылықтарын насихаттай отырып, отбасы Отанның бір бөлшегі екенін ұғындыру, отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, жанашырлық қатынастарын нығайту және оқушыларды ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Аталған іс-шараға қалалық ардагерлер кеңесінің әдістеме бөлімінің меңгерушісі Каримова Гүлнар Ақойқызы, қалалық ардагерлер кеңесінің әжелер төрайымы Дәнегүл Рахымқызы, қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі Исмаилов Құрмаш, «Ғарышкер» шағын ауданы төрайымы Шаңғожанова Нұртай Уалиқызы келіп қатысып, оқушыларымыздың өнерлерін тамашалап, шәкірттерімізге, мектеп басшысына және ұжымға алғыстарын білдіріп, баталарын берді.

Айман САҒЫНДЫҚОВА,
Еңбек ауылындағы мектепке дейінгі
шағын орталығы бар «№22 орта мектеп» КММ
директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары

КОНФЕРЕНЦИЯ

ЖЕТІСУДЫҢ ТАРИХИ МҰРАЛАРЫ

Жетісу облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталығының ұйымдастыруымен «Жетісудың тарихи мұралары» атты облыстық конференция өтті.

Конференцияда Жетісу облысы аумағында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытынды есебі мен қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлерді өңірдегі Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейіне сақтауға және көпшілік назарына ұсыну мақсатында қабылдап алу шар-

ты жасалынды, сонымен қатар табылған олжалардан көрме ұйымдастырылды. Сондай-ақ Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының «Архарлы тауындағы петроглифтер» және Дауылбай ескерткіштерін зерттеу барысында жинақталған «Дауылбай обалы қорымы» атты кітаптарының тұсаукесер рәсімі өтті. Шара барысында Жетісу облысының тарих және мәдениет ескерткіштеріне қазба жұмыстарын жүргізген археолог мамандар ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері жайында баяндама жасап, пікір алмасты.

Жетісу облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталығының баспасөз қызметі

ӨЗЕКТІ

МЕКТЕП, ОТБАСЫ ЖӘНЕ БАЛА



Қала әкімдігінің мәжіліс залында Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі басшысының м.а., комиссия төрағасының орынбасары Шынар Шарипбаеваның төрағалығымен қала әкімдігі жанындағы кәмілетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысы өтті.

Күн тәртібінде негізінен 4 мәселе қаралды. Талдықорған қаласының полиция басқармасының есебінде тұрған мектеп оқушыларының отбасылық проблемалық мәселелеріне назар аударылды.

ЖӘРМЕҢКЕ – 2024

30 ТОННА ӨНІМ САУДАЛАНДЫ

Сенбі күні облыс орталығы Талдықорған қаласында қала әкімдігінің бастамасымен және Жетісу облысы әкімдігінің қолдауымен «Әлеуметтік базарда» облыстық ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

Жәрмеңкеге Ақсу, Ескелді, Кербұлақ, Қаратал және Көксу аудандары мен қатар Талдықорған, Текелі қалаларының және «Жетісу» АҚ АӨК қатысты. Онда 30 тоннадан астам 50 түрлі азық-түлік тауары қала тұрғындарына саудаланды.

Жалпы осындай ауыл шаруашылық жәрмеңкесін өткізудің басты мақсаты бағаны тұрақтандыру және азық-түлік өнімдері бағасының негізсіз қымбаттауын болдырмау.

Жәрмеңкеге облыстың 5 ауданы мен қалаларының тауар өндірушілері қатысты. Өткізілген тауарлардың құны Талдықорған базарларының орташа бағаларынан қарағанда 15-20 пайыз төмен болды.

Қызу сауданың көрігі қайнаған бір күнде 3175 келі ет, 500 келі балық, 1225 келі сүт өнімдері, 3990 келі картоп, 6530 келі көкөніс, 3500 келі жеміс-жидек,



790 келі басқа да азық-түлік саудаланды.

Сондай-ақ, жәрмеңкеде тұрғындар ет, сүт өнімдерінен басқа Ақсу және Көксу қант зауытының әкелген 10 тонна қантқа да сұраныс жоғары болды.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТИП ӘДЕПТІЛІК - ҚҰНДЫ ҚАЗЫНА

Әдеп - қалыптасқан ұлттық мәдениеттің белгісі. Игі әдептен әдеп-ғұрып қалыптасып, одан әдеп пайда болады. «Әдеппен сөйлеп әдептен» деп, халық сөйлеу мәдениетін талап етеді. Жалпы ұлттық әдеп - ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени құндылық болып табылады. Әдепті болу, яғни мәдениетті болу әрбір тұлғаның ұлттық борышы. Соған байланысты елімізде қызметкерлерге Әдеп кодексі енгізілген.

Әдеп кодексінің басты міндеті - сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау болып табылады. Әдеп кодексі жалпы ережелер, мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стан-



дарттары деп аталған бес бөлімнен тұрады. Адам мәдениеті жоғары болған сайын, оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы сыпайы бола түседі.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлер әрқазып қызмет көрсетудің жоғары стандарттарына сәйкес болуға, адалдық, ашықтық және әділділік қағидаттарына басшылыққа ала отырып, қызметтерді кәсіби көрсете білуі керек. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық мәдениеті мен кәсібилігі туралы қоғамда оң пікірді қалыптастыруға әрекет ету керек.

Берік АБЫЛХАН,
Талдықорған қаласы бойынша
Әдеп жөніндегі уәкілі

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРЛАНДАРЫ КӨК АСПАНДА ҚЫРАН БОЛЫП ҰШАМЫН

Жастарды елжандылыққа, өз Отанына деген патриоттық сезімдерін жетісу облысының «Жастар Рухы» филиалының қызметкерлері және Талдықорған қаласының қорғаныс басқармасы қаламыздағы индустриялық колледжінің білім алушыларына арналған ашық есік күнін өткізді.



Шара барысында білімгерлер аталған әскери бөлімнің тыныс-тіршілігімен, әскери техникаларымен танысты. Бұл әскери бөлімнің қызметкерлері ұшқыш болу, әсіресе, әскери ұшқыш болу кез келген азаматтың арманы екенін, жастарымыздың физикалық және білім жағынан өте сауатты әрі мықты болу керек екендігін айтты.

Әскери бөлім қызметкерлері білім алушыларды әскери ұшқыштардың киім үлгісімен таныстырып, ол киімдердің атқаратын рөліне де тоқталды. Колледж білімгерлері әскери ұшқыш болу үшін қандай емтихандардан өту керек екендігі жайында сұрақтар қойып, оған дәйекті

жауап алды. 21751 әскери бөлімінің командирінің орынбасары «ашық есік күніне қатысқан елу білім алушының біреуі әскери ұшқыш болса, онда аталмыш іс-шара үлкен нәтижеге жетті деген ойдамын» - деді. Іс-шара соңында әскери бөлімді Талдықорған қаласының қорғаныс басқармасының қызметкері басқарма бастығының мақтау қағазымен марапаттады.

Мұхтар ДЖАМБУЛБАЕВ,
Талдықорған индустриялық
колледжінің алғашқы әскери және
технологиялық дайындық пәні
оқытушысы

ӘСКЕР ҚАТАРЫНДА МОБИЛОГРАФТАР ЖҮР

Азаматтық өмірде мобилографияны серік еткен Арман Тұрсынжан амен Арман Мұқатаевтар қазіргі кезде әскер қатарында туған жер алдындағы перзенттік борыштарын өтеп жүр. Екеуі де ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы техникалық және кәсіби даярлық бөлімінде әскери қызметте.

Бүгінгі күні қос Арман алакөлдік шекарашылардың мақтаншысы. Өткен айда Отан алдында ант қабылдады. Қатардағы жауынгер Арман Тұрсынжан - Талғар қаласының тумасы.

Алтыншы сыныптан бастап еркін күреспен айналысқан Арман спорт шеберлігіне үміткер. Негізгі мамандығы ветеринар. Колледжді қызыл дипломмен тәмамдаған. Жаңалыққа жаны құмар сарбаз әскери ұжымының белсенді жастар орталығының төрағасы.

Қатардағы жауынгер Арман Мұқатаев

Алматы қаласының тумасы. Жасынан спорттың воркаут, волейбол түрлерімен айналысқан. Сүйікті ісі - мобилография. Осы саланың қыр-сырын жақсы меңгерген. Біліктілігін дамыту мақсатында дрон арқылы бейнебаян түсіруді үйренген. Қос Арманның бүгінгі армандары Отан алдындағы әскери қызметтерін абыроймен атқарып, үйлеріне аман-есен оралу, Қазақстанның жарқын болашағына үлес қосу.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті

МӘМС ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» МӘРТЕБЕСІН ҚАЛАЙ САҚТАУ КЕРЕК

Жетісу облысының ірі кәсіпорындарына түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалы Жетісу облысының ірі кәсіпорын өкілдерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында қор сарапшылары жұмыс берушілердің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) бойынша төлемдерді аудару ережелерін түсіндіріп, дер кезінде аударылған жарналардың МӘМС шеңберіндегі медициналық қызметтердің кең спектріне қол жеткізудің келімі екенін еске салды.

«МӘМС жарналары жұмыс берушілер тарапынан ай сайын және белгіленген мерзімде аударылуы қажет. Төлем уақыты төленбесе жұмысшының «сақтандырылған» мәртебесі автоматты түрде жойылады, бұл МӘМС шеңберіндегі медициналық көмектің кең спектріне қол жеткізуді шектейді», - дейді қор филиалының директоры Иван Самойленко.

Егер жұмысшының бұрын қарызы болса, не істеу керек?

Соңғы 12 айда төленбеген қарызы бар жұмысқа жаңадан кірген қызметкерлер

өткен кезеңдер үшін қарызды өз бетімен өтеуі тиіс. Жарна мөлшері ең төменгі жалақының 5%-ын құрайды, 2024 жылы бұл айына 4 250 теңге.

Жұмыс берушілерге қызметкерлерінің медициналық көмек алу құқықтарын шектеуге жол берілмейтіні ескертілді. Жарналарды уақтылы төлеу - бұл тек міндет емес, сонымен қатар қызметкерлердің денсаулығына қамқорлық жасау.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалы жұмыс берушілер және кәсіпорын қызметкерлерімен ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жалғастыруды жоспарлап отыр. Басты мақсат - барлық қатысушылардың МӘМС жүйесіндегі құқықтары мен міндеттерін толық түсінуді қамтамасыз ету және оларды уақтылы пайдалануына мүмкіндік беру.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ
Жетісу облысы бойынша филиалы

ҰЛТ САУЛЫҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТЕМЕКІНІҢ АҒЗАҒА ӘСЕРІ

Темекі шегу-жүрек-қан тамырлары ауруларының, өкпе ауруларының, тауыз қуысының, асқазанның, бауырдың, қуықтың, бүйректің қатерлі ісігінің даму қаупінің агрессивті факторы.

Көптеген электронды темекі шегетіндер ауруға шалдығады. Бұл дұрыс емес, өйткені уланудан бас тарту ешқашан зиянды емес. Рас, кез келген режимнің күрт өзгеруі, қартайғанда мінез-құлықтың тұрақты стереотипінен бас тарту әрдайым қиын, сондықтан адам темекіні тастаған кезеңде дәрігердің бақылауы ұсынылады. Никотинмен жүйке жүйесін ынталандыру мидың энергетикалық мүмкіндіктерінің сарқилуына әкелетінін ұмытпауымыз керек.

Таңдау жасамас бұрын мұқият ойлану керек: темекі шегу немесе темекі шекпеу. Темекіні тастаған кезде ағзаның айтарлықтай өзгерістер болады, мысалы: соңғы темекіден 20 минуттан кейін қан қысымы қалыпқа келеді, жүрек қызметі қалпына келеді, алақандар мен аяқтарға қан беру жақсарайды; 8 сағаттан кейін

қандағы оттегінің мөлшері қалыпқа келеді; 2 күннен кейін дәм мен иіс сезу қабілеті артады; бір аптадан кейін келбет жақсарайды; 1 айдан кейін тыныс алу оңай болады, шаршау, бас ауруы жоғалады, әсіресе таңертең жөтел мазаламайды; 6 айдан кейін жүрек соғу жылдамдығы қалпына келеді, сіз өмір сүруге және жұмыс істеуге деген ықыласты сезінесіз; 1 жылдан кейін темекі шегушілермен салыстырғанда жүректің коронарлық ауруының даму қаупі екі есе азаяды; 5 жылдан кейін өкпе қатерлі ісігінен өлу мүмкіндігі айтарлықтай төмендейді; 15 жылдан кейін жалпы онкологиялық аурулардың даму қаупі азаяды.

ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК
Білімгер: Айым ДУЙСЕНБАЕВА, СД-511
Жетекші: Р. ДОСЫКЕНОВА

БАЛАЛАРДАҒЫ ПНЕВМОНИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ МЕЙІРГЕРДІҢ РӨЛІ

Балалардағы пневмония - бұл өкпелердің инфекциялық қабынуы, Бәдетте бактериялық, вирустық немесе саңырауқұлақтық инфекциялардан туындайды. Бұл ауру, әсіресе, 5 жасқа дейінгі балаларда жиі кездеседі және олар үшін өте қауіпті болуы мүмкін.

Балалардағы пневмонияның белгілері:

Қызба, тыныс алу қиындығы, жөтел, тыныс алу кезінде шу естілуі (жөтел немесе демалу кезінде қырылдауы).

Жалпы әлсіздік және тұншығу сезімі ісіну немесе көгеру:

Еріндер мен саусақтар көгеріп, құсу немесе іш ауыруы да мүмкін. Бірақ диагноз рентгенологиялық тексеруден кейін ғана қойылып, емдеуге алынады. Балалардағы пневмония емделеді, бірақ жиі қайталануы мүмкін және асқинулары жиі кездеседі. Сондықтан балалардағы пневмонияны емдегеннен гөрі алдын алған тиімдірек. Балалардағы пневмонияның алдын алуға ата анамен қатар, мейіргердің рөлі өте маңызды. Мейіргер көптеген міндеттерді атқарып, аурудың алдын алу мен баланың денсаулығын сақтау үшін маңызды шараларды жүзеге асырады.

Мейіргердің рөлін бірнеше бағытта қарастыруға болады:

1. Мейіргер ата-аналар мен қамқоршыларға пневмонияның белгілері, оның қауіптілігі мен алдын алу шаралары туралы ақпарат береді. Балаларды дұрыс күтім жасау, санитариялық-гигиеналық дағдыларды ұстану туралы кеңестер береді.

2. Иммунизация: мейіргер балаларға қажетті вакцинацияларды (мысалы, пневмококка қарсы вакцина,

тұмауға қарсы вакцина) жүргізу арқылы пневмонияның алдын алу шараларын іске асырады.

3. Денсаулық мониторингі: мейіргер балалардың дене температурасын, тыныс алу жиілігін және жалпы жағдайын бақылап, пневмонияның ерте белгілерін анықтауға көмектеседі. Ерте диагностика аурудың асқинуын болдырмауға мүмкіндік береді.

4. Гигиеналық шаралар: мейіргер балаларға қол жуу, ауыз қуысы гигиенасын сақтау және жұқпалы аурулардың алдын алу үшін басқа да қажетті дағдыларды үйретеді.

5. Тыныс алу жаттығулары: мейіргер балаларға дұрыс тыныс алу техникасын, терең демалу және тыныс алу жүйесін нығайтуға арналған жаттығуларды үйрету арқылы пневмонияның алдын алуға көмектеседі.

6. Мейіргер баланың және оның отбасын психологиялық қолдаумен қамтамасыз етеді.

Осылайша, мейіргер балалардың денсаулығын қорғау, аурудың алдын алу және аурудың алғашқы белгілерін уақытында анықтау арқылы пневмонияның таралуын азайтуға үлес қосады.

ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК
Білімгер: Әділбек НҰРАЙ, 511 топ
Жетекші: Альбина АБЫЛХАНОВА

ЗАМАНАУИ ДИЕТАЛАРДЫҢ ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫР ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ

Қазіргі таңда денсаулықты сақтау мен салауатты өмір салтын ұстануға қызығушылық артып келеді. Адамдардың көбі гене салмағын бақылау немесе түрлі аурулардың алдын алу мақсатында әртүрлі диеталарды ұстанады. Алайда, заманауи диеталардың жүрек-қан тамыр жүйесіне әсері туралы толық түсінікке ие болу маңызды.

Кето-диетаның танымалдығы артып келеді. Бұл диета майдың жоғары мөлшерін, ақуыздың орташа мөлшерін және көмірсулардың аз мөлшерін тұтынуды көздейді. Кейбір зерттеулер кето-диетаның қысқа мерзімді салмақ тастауға көмектесетінін көрсеткенімен, ұзақ мерзімді әсері туралы толық ақпарат жоқ. Бұл диета холестерин деңгейінің көтерілуіне және қан қысымының өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Вегетариандық және вегандық диеталар: Вегетариандық және вегандық диеталар жүрек-қан тамыр жүйесіне оң әсер етуі мүмкін. Олар көкөністер, жемістер, тұтас дәндер мен пайдалы майларды қамтиды. Бұл тағамдар холестеринді төмендетіп, қан қысымын тұрақтандыруға көмектеседі. Алай-

да, мұндай диеталарда В₁₂ дәрумені мен темір жетіспеуі мүмкін, бұл жүрек жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.

Фастфуд және өңделген тағамдар:

Фастфуд пен өңделген тағамдарды жиі тұтыну жүрек-қан тамыр жүйесіне кері әсер етеді. Бұл тағамдарда қаныққан майлар, тұз және қант мөлшері жоғары, бұл қан қысымының көтерілуіне және жүрек ауруларының даму қаупін арттыруға ықпал етеді.

Диетаны таңдағанда, оның жүрек-қан тамыр жүйесіне тигізетін әсерін ескеру қажет. Теңгерімді тамақтану – жүрек денсаулығын сақтаудың негізгі кепілі. Дәрігермен немесе диетологпен кеңесу арқылы жеке денсаулыққа сәйкес келетін диетаны анықтаған дұрыс.



ЖҮКТІЛІК КЕЗІНДЕГІ ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРДІҢ САЛДАРЫ

Зиянды әдеттер, мысалы, темекі шегу, алкоголь мен есірткі қолдану жүкті әйелдің денсаулығына және оның баласының дамуына ауыр зардаптар әкеледі.

Зиянды әдеттердің жүктілікке әсері мынадай:
1. Шылым шегу: Жүктілік кезінде темекі шегу әртүрлі қиындықтарға, соның ішінде мерзімінен бұрын босану, бала салмағының аз болуы және баланың тыныс алу жолдарының ауруларының пайда болуына себеп болуы мүмкін.

2. Алкоголь: Жүктілік кезінде алкогольді қолдану баланың физикалық және ақыл-ой дамуына теріс әсер етеді, сондай-ақ түсік

тастаудың және мерзімінен бұрын босанудың қаупін арттырады.

3. Есірткі: Есірткі қолдану жүктілік кезінде баланың дамуында ауыр бұзылыстарға әкеледі, оның ішінде психикалық және физикалық ақаулар. 2024 жылы өңірде жастар арасында есірткі қолданудың өсуі байқалады, бұл мәселені шешу үшін жергілікті билік тарапынан арнайы шаралар қажет.

БАЛАЛАРДАҒЫ АЛЛЕРГИЯ

Аллергия – балалар арасында жиі кездесетін денсаулық мәселелерінің бірі. Ол әртүрлі факторларға, мысалы, тағам өнімдеріне, шаң-тозаңға, жануарларға, гөрі-гөрмектерге немесе химиялық заттарға организмнің ерекше сезімталдығынан туындайды. Аллергия дер кезінде анықталмаса немесе дұрыс емделмесе, ол түрлі асқынударға, соның ішінде бронхиалды астма, тері аурулары немесе анафилактикалық шок сияқты ауыр жағдайларға әкелуі мүмкін. Сондықтан балалардағы аллергияның алдын алу мен оны дұрыс басқару өте маңызды.

Аллергияның алдын алуға иммунитетті нығайту, аллергиядан аулақ болу, профилактикалық тексерулер, аллергияны уақытында емдеу, диагностика жасау маңызды. Бұл балаға дұрыс ем тағайындауға көмектеседі.

Балалардағы аллергия – дұрыс басқар-

ылған жағдайда асқынудан сақтануға болатын жағдай. Ата-аналар баланың денсаулығына мұқият назар аударып, профилактика шараларын орындаса, аллергияның салдарын барынша азайтуға болады. Дәрігермен тұрақты байланыста болу – аллергияны бақылаудың ең тиімді тәсілі.



ГАДЖЕТТЕРДІҢ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАСЫНА ӘСЕРІ

Қазіргі таңда гаджеттер мектеп жасындағы балалардың өмірінің маңызды бөлігіне айналды. Смартфондар, планшеттер және компьютерлер оқуға, ойын-сауыққа және байланыс жасауға арналған негізгі құралдар болып саналады. Алайда, гаджеттерді шектен тыс пайдалану балалардың психикасына кері әсерін тигізуі мүмкін.

БІРІНШІДЕН, гаджеттер балалардың зейінін нашарлатады. Ұзақ уақыт экран алдында отыру балалардың зейінін төмендетіп, мектептегі сабақтарға қатысу және тапсырмаларды орындау қабілеттерін әлсіретеді. Жылдам өзгеретін ақпараттар баланың миын тұрақсыздандырып, ұзақ мерзімді есте сақтау қабілетін төмендетуі мүмкін.

ЕКІНШІДЕН, гаджеттер ұйқыға кері әсер етеді. Гаджеттердің экранынан шығатын көк жарық мелатонин гормонының бөлінуін тежейді, бұл ұйқының сапасын нашарлатады. Нәтижесінде балаларда шаршау, ашушандық, тіпті депрессия сияқты психологиялық мәселелер туындауы мүмкін.

ҮШІНШІДЕН, гаджеттер әлеуметтік оқшаулануға әкеледі. Балалар виртуалды әлемге тым көп уақыт жұмсап, шынайы әлеуметтік қарым-қатынастарды ұмытып кетеді.

Бұл болашақта коммуникативтік дағдылардың дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

Мәселені шешу үшін ата-аналар балалардың гаджеттерді пайдалану уақытын бақылап, балама іс-шаралар ұсынуы керек. Ойындар, спорт секілді белсенді әрекеттер балалардың психикалық және физикалық денсаулығын жақсартуға көмектеседі.

Мақалаларды дайындаған:
Қазкен КУЛЬЧИКОВА,
Жоғары санатты дәрігер,
«Алтын дәрігер» төс белгісінің иегері
Денсаулық сақтау ісінің үздігі



ДЕЗИНСЕКЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ

Дезинсекцияның мақсаты – ауру қоздырып, тарататын дәндіктерді жою және олардың өсіп-өнуіне, көбеюіне жол бермеу. Дезинсекцияның физикалық, механикалық, химиялық, биологиялық әдістері бар.

Физикалық әдісті қолдану кезінде ыстық не суық температурамен бумен өңдеу, өртеу, жоғары тербелісті ультраток, иондаушы сәулелердің әсерін пайдалану арқылы ұсақ дәндіктерді жоюды.

Механикалық әдісті қолдану кезінде есіктерезе торланып, қоражай көң-қоқыстан тазартылады.

Химиялық әдісті қолдану кезінде дәндіктерді жою үшін улы препараттар (ДДТ, гексахлоран, хлорофос, нафталин, анабазин, күкіртті газ, т.б.) қолданылады.

Биологиялық әдісті қолдану кезінде дәндіктерді жоюға құс, балық, микроорганизмдер пайдаланылады.

Дезинсекциялық заттармен және құрылғылармен жұмыс істеу кезінде мынадай ережелерді сақтау керек:

▲ Міндетті түрде арнайы киім кию және де жеке бас қауіпсіздік заттары: халат, аяқкиім, респираторлар, қолғаптар, көзілдіріктер кию қажет.

▲ Ерітінді, эмульсия, суспензия, приманкаларды дайындау кезінде әр түрлі ре-

спираторлар қолдану.

▲ Жаймаларды дезинсекциялық заттармен өңдеу жұмыстарын жеке бас қауіпсіздік заттарын қолдана отырып, бөлмеден тыс немесе арнайы тартпалы желдеткішпен жабдықталған бөлмеде жүргізу керек.

▲ Дезинсекциялық заттардың теріге, шырышты қабықтарға түсіп кетпеуіне жол бермеу керек.

▲ Приманка түріндегі заттарды арнайы ыдыстарда сақтап, оларды балалар мен үй хайуанаттарына алынбайтын жерге орналастыру керек.

Дезинсекциялық іс-шараларды жасалған шарт негізінде мамандандырылған ұйымдар жүргізеді.

Гаухар ОМИРЗАКОВА,
РММ Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы

МЕНИНГОКОКК ИНФЕКЦИЯСЫ

Менингококк инфекциясы – бактериялармен қоздырылатын жіті инфекциялық ауруы, түрлі клиникалық көріністерімен – симптомсыз тасымалдау, назофарингит (мұрын және жұтқыншақ қабынуы), менингит (ми қабықтарының қабынуы) және менингококк сепсисі (қан зақымдануы) өтеді.

Инфекцияның берілу жолы – ауалы-тамшылы (жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде). Жұқтырып алған кезден бастап аурудың басталуына дейін бір күннен он күнге дейін өтеді. Науқас алғашқы күнінен бастап айналадағыларға жұқпалы.

Менингит үшін тән кенеттен басталуы: күтпеген жерден қатты бас ауыруы пайда болып, құсу, 6-15 сағаттан кейін бөрт, температурасы 39-40°С жетеді, қалтырау, Тері бозғылт. Жалпы әлсіздік байқалады, арқа және аяқ-қол ауырады. Науқастар шөлдейді, төбеті төмендейді.

Менингококк инфекциясының алдын алу:

▲ Аурудың алғашқы белгілері пайда болған кезде катаралдық құбылыстармен (тамақ қызарып, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, әлсіздік) дәрігерге көріну қажет, барлық ұсыныстарды орындаңыз;

▲ Түрлі медени-бұқаралық іс-шараларға, жүзу бассейндері, сауда, ойын-сауық орталықтарында ойын алаңдарына баруды

шектеу, жеке гигиенаны сақтау қажет.

▲ Фимараттарды жиі желдетіп, ұйым-дасқан жұмыстарда ылғалды жинау жүргізу.

▲ Созылмалы инфекция ошақтарының санация жүргізуі маңызды, балалар жасында бұл жиі ЛОР-органдарына қатысты, сондықтан балаларды оториноларингологтарға тұрақты апару тиіс және мүмкіндігінше алдын алу мақсатында.

▲ Тек қайнаған немесе бетелкедегі суды шу қажет.

▲ Тону, ашығу, ұйқысыз, стресс және т. б. аулақ болу.

С.АХАН,
РММ Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқарма басшысы

Р.МЕЙНБЕКОВА,
Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ВИРУСНЫЙ ГЕПАТИТ А

Гепатит А (также называемый болезнью грязных рук) – острое инфекционное заболевание печени, вызываемое вирусом гепатита А (англ. HAV).



пить, но и использовать ее для мытья рук и посуды. При совместном проживании с больным заражение происходит через предметы обихода (дверные ручки, полотенца, игрушки). При половом контакте с больным. Этот путь передачи особенно распространен в среде гомосексуалистов. При внутривенном введении наркотиков нестерильным шприцом. Вирус циркулирует в крови и через иглу передается от одного человека к другому.

ПРОФИЛАКТИКА ВИРУСНОГО ГЕПАТИТА А

Плановая иммунизация, неспецифические способы, специфическая профилактика.

Специфическая профилактика: вакцинация, плановую прививку делают детям уже в возрасте 2-х лет.

Неспецифическая профилактика: Для предотвращения вирусного инфицирования разработаны методы общей профилактики. Они касаются выполнения санитарных норм и правил личной гигиены: Мытье рук после туалета и прогулки. Обработка пищи кипяченой водой. Установление карантина в детских учреждениях. Использование эффективных средств для дезинфекции помещений общего пользования (содовый раствор, хлорамин). Регулярная обработка мыльным раствором игрушек, мебели, посуды. Купание в безопасных водоемах.

А.РИНАС,
РГУ «Талдықорғанское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля» Ведущий специалист эпидемиологического отдела

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӨРТИП

АУДИТ АШЫҚТЫҒЫ

Жетісу облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті 2024 жылдың алғашқы 10 айында белсенді жұмыс атқарып, мемлекеттік ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету және қаржылық заңдылықтардың сақталуын бақылау бойынша бірқатар маңызды шараларды жүзеге асырды. Бұл туралы Жетісу облысы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында Жетісу облысының Ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары Қуаныш Мұсаұлы баяндады.

2024 жылдың қаңтар-қазан айларында Жетісу облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті 82 аудиторлық тексеру жүргізді. Жалпы 11,4 млрд теңге бюджет қаражаты қамтылып, 1,4 млрд теңге қаржылық және 6,2 млрд теңге рәсімдік бұзушылықтар анықталды.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 92,1 млн теңгесі бюджетке қайтарылып, 266,6 млн теңге қалпына келтірілді. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алулар бойынша 55 лотта 1,08 млрд теңгеге бұзушылықтар тіркелді.

Тәртіптік жауапкершілікке 66 лауазымды тұлға тартылып, 378 тұлғаға жалпы сомасы 44 млн теңге айыппұл салынды.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында аудиттің 24%-ы электрондық форматта жүргізілді. Бұл әдіс тексерушілер мен объектілер арасындағы байланыстарды азайтып, аудиттің ашықтығын қамтамасыз етті.

Жетісу облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті заңдылық пен ашықтықты қамтамасыз ету бойынша жұмысын жалғастыруда.

Өз тілшіміз

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫ ЗАҢМЕН РЕТТЕЛЕДІ

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы республика кодексіне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2024 жылғы 5 қыркүйектен бастап айыппұл санкцияларын ұлғайту және ақша қаражатын тәркілеу бөлігінде шетел валютасын заңсыз өткізгені үшін жауапкершілік күшейтілді.

ҚР Президентінің 2022 жылғы 14 наурыздағы №830 Жарлығына сәйкес 10 000 мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомада қолма-қол шетел валютасын әкетуге тыйым салынады.

Жеке тұлғалар кедендік декларациясыз жалпы сомасы он мың АҚШ долларына тең немесе одан аспайтын қолма-қол шетел және ұлттық валюта мен жол чектерін әкелуге немесе әкетуге құқылы.

Баламасы 10 000 мың АҚШ долларынан асатын

сома міндетті кедендік декларациялауға жатады.

Өзгеріс енгізілген сәттен бастап Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті сотқа 24 әкімшілік материал жіберді.

18 материалды қарау қорытындысы бойынша сот 8 073 586 теңге сомасында айыппұл салды, 65 229 АҚШ доллары және 9129 юань ҚХР тәркіленді.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексімен ақша қаражатын тасымалдаудың көрсетілген нормаларын бұзғаны үшін 551-баптың 3-бөлігі бойынша қолма-қол ақша қаражатының декларацияланбаған не дұрыс декларацияланбаған сомасының және (немесе) декларацияланбаған не дұрыс декларацияланбаған ақша қаражаттары мен ақша құралдарының тәркіленуімен ақша құралдарының құнының 25% мөлшерінде жауапкершілік көзделгенін еске саламыз.

Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті



АБАТТАНДЫРУ ІСІ ЖАЛҒАСА БЕРМЕК

Облыс орталығы Талдықорған қаласында абаттандыру жұмыстары қарқынды түрде жалғасуда. Қазіргі таңда арық жүйелері, жол жиектері және демалыс орындары қоқыстардан тазартылуда. Сондай-ақ, шағын аудандардың атаулары жазылған стеллалар сырланып, ретке келтірілуде.

Бұған қоса, елімізде бастау алған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында қаламызда тұрақты түрде сенбіліктер өткізілуде.

Сонымен қатар, қазіргі таңда жол белгілерін сызу және орнату, түнгі жарық шамдарын ауыстыру жұмыстары да жүргізілуде. Айта кетейік, биылғы жылы қаламызды одан әрі көгалдандыру мақсатында 10 мың түп ағаш көшеті отырғызылмақ.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



Что такое РКА и зачем он нужен?

Регистрационный код адреса недвижимости можно узнать: через ЦОН и портал электронного правительства.

Регистрационный код адреса (РКА) - уникальный код объекта недвижимости, который подтверждает существование адреса объекта на территории населенного пункта.

РКА состоит из 16 цифр и включает в себя: код типа объекта недвижимости; год присвоения адреса; порядковый номер регистрации объекта в информационной системе «Адресный регистр».

Он используется для уточнения, присвоения или

упразднения адреса недвижимости. Является основополагающим инструментом для ведения регистрационной работы прав на недвижимое имущество.

С помощью РКА можно проверить историю изменений адреса объекта недвижимости, таких как смена улицы или номера дома. Это позволяет избежать необходимости получения бумажных справок в ЦОНах и делает процесс удобным и быстрым.

НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по области Жетісу

Талдықорған
ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 100 дана.
Тапсырыс №1282 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй. 4-қабат

12/12/2024
19:00

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ДӨНЕШ РАҚЫШЕВ АТЫНДАҒЫ ФИЛАРМОНИЯСЫНЫҢ
ЭСТРАДАЛЫҚ СИМФОНИЯЛЫҚ ОРКЕСТРІ

КӨРКЕМДІК ЖЕТЕКШІСІ,
БАС ДИРИЖЕРІ,
ҚР ЕҢБЕК СІНИРІН АҚПАРАТКЕРІ,
КОМПОЗИТОР
ӘЛИ АЛПЫСБАЕВ

ДИРИЖЕРІ:
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЛАРДЫҢ ЛАУРЕАТЫ
МЕДЕТ ЕСБЕРГЕНОВ

Милос Навылова
Внедрим - азаматим
АТТЫ КОНЦЕРТ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ, АБЫЛАЙ ХАН, 153
ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ДӨНЕШ РАҚЫШЕВ АТЫНДАҒЫ
ФИЛАРМОНИЯСЫ

БИЛЕТ БАҒАСЫ: 2000-3000
8 702 883 8485
8 702 787 8881

ОБРАЗОВАНИЕ
ИДЕТ ПОДГОТОВКА КАДРОВ
ДЛЯ МЧС РК

Приоритетной задачей, поставленной перед департаментом по ЧС области, является квалифицированная подготовка кадров в области пожарной безопасности и в системе ЧС. Базовым учебным заведением, готовящим кадры для системы ЧС, является Академия гражданской защиты имени М. Габдуллина МЧС РК.

В настоящее время отделом кадров ДЧС области, согласно указания начальника ДЧС, проводится разъяснительная работа в организациях и в старших классах учебных заведений, с целью пропаганды системы ЧС и вовлечения выпускников школ для поступления в Академию гражданской защиты имени М. Габдуллина МЧС РК.

В настоящее время академия готовит инженеров пожарной безопасности и спасателей для органов и подразделений МЧС РК. Большинство сотрудников с высшим образованием, работающих в указанных органах и подразделениях, – выпускники академии. Гордостью академии являются выпускники, занимающие ответственные должности в системе МЧС РК, других правоохранительных структурах. Учебно-воспитательный процесс осуществляется высококвалифицированным профессорско-преподавательским составом на трех действующих факультетах – очного и заочного обучения, повышения квалификации при непосредственном участии пяти кафедр – оперативно-тактических дисциплин, пожарной профилактики, общетехнических дисциплин, боевой и физической подготовки, социально-гуманитарных дисциплин и языковой подготовки. Первоочередное внимание в академии уделяется совершенствованию учебно-воспитательного процесса, внедрению новейших технологий, интенсивных форм и методов обучения. Основой учебно-методической базы, способствующей формированию у будущих офицеров твердых профессиональных навыков, высокой служебной выучки, физической подготовки является учебный центр, расположенный в 15 км от г. Кокшетау. Он также служит местом пребывания кандидатов на учебу на период сдачи ими вступительных экзаменов. Установлены тесные творческие и деловые связи со многими ведущими вузами страны, а также РФ и Узбекистана. Телефон отдела кадров ДЧС области Жетісу: 24-18-02

А. НУРТАЕВ,
ст. инженер УЧС г. Талдықорған,
ст. лейтенант гражданской защиты

Талдықорған индустриалды колледжі ұжымы болмысы бөлек, ұстанымы берік замандасымыз, зейнеткер-кәсіптік техникалық білім беру ардагері

ЖАНЫҚБАЕВА Сахит Зарипқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Өмірлік жолында адал еңбек етіп, абыроймен өткізген, оң істерге өзіндік қолтаңба қалдырған ардақты азаматтың жарқын бейнесі әрдайым жадымызда.

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбесінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.